

**Айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мен аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін тікелей қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерінің тізбесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1415 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 745 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 25 ақпандағы № 18-04/128 бұйрығын қараңыз.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қоса беріліп отырған Айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мен аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін тікелей қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерінің тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.07 N 1413 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Қ а у л ы с ы м е н .**

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 1415 қаулысымен

бекітілген

**Айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мен аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін тікелей қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерінің тізбесі**

**Ескерту. Тізбе жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 22.09.2014 № 1002 қаулысымен.**

**Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мен аумақтық бөлімшелер**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) төрағасы – Қазақстан Республикасының орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы.

2. Комитет төрағасының орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу мен бақылау мәселелерімен айналысатын орынбасарлары – Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары.

3. Комитеттің орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу мен бақылау мәселелерімен айналысатын басқармалар басшылары, бас сарапшылары – Қазақстан Республикасының орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторы.

4. Комитеттің орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін

молайту және пайдалану саласындағы реттеу мен бақылау мәселелерімен айналысатын сарапшылары – Қазақстан Республикасының орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

5. Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің басшылары – тиісті облыстың орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы .

6. Комитеттің аумақтық бөлімшелері басшыларының орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу мен бақылау мәселелерімен айналысатын орынбасарлары – тиісті облыстың орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасары.

7. Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу мен бақылау мәселелерімен айналысатын бөлімдерінің басшылары – тиісті облыстың орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторы .

8. Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу мен бақылау мәселелерімен айналысатын бас және жетекші мамандары – тиісті облыстың орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

## **Орман шаруашылығын және жануарлар дүниесін тікелей қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар**

1. Орман шаруашылығын және жануарлар дүниесін тікелей қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар басшылары, және олардың орынбасарлары – орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспекторлар .

2. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас аңшылық танушы және бас ихтиолог, аңшылық танушы және ихтиолог, бас қорықшы, қорықшы-инспектор.